

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы МКҚК №15 «Әлия» бөбекжайы.

Топ №1 «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы 2-3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 29 -31 мамыр 2023 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 29.05.	Сейсенбі 30.05	Сәрсенбі 31.05.	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Танертен балалармен амандасып, топқа кіргізу. «Күн нұры» Май берейін. күрт берейін. Күннің көзі шық,шық. Алақай, алақай. Күн шықты, күн шықты. Жер үстіне нұр шықты. Сөйлеуді дамыту Қоршаған ортамен таныстыру	Балаларды топта жақсы қабылдап, амандасу. «Бұл қай кезде болады?» Күн жылынып, қар еріп, Сай-салаға толады. Бөбектерім айтыңдаршы. Бұл қай кезде болады? Көркем әдебиет Сөйлеуді дамыту	Балаларды жақсы көңіл -күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау. Тыныс алу жаттығуы Ішке тартып ауаны, Демінді алшы тереннен. Денсаулықтың жауабы. Қайталасаң менімен. Көркем әдебиет Музыка		
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру.				

Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Мүсіндеу «Гүл» Максаты : Балаларға ермексазды пайдаланып отырып құмырадағы гүлді құсын мүсіндеп үйрету.	Сурет салу «Қуыршақтың камзолы» Максаты: Қамзол туралы түсінік беру.	Сөйлеуді дамыту «Саусақ» жаттығуы Бала, бала, балақай, Қол соғайық, алақай! Бір,екі,үш деп айтайық, Саусақтарда тартайық. Жалқау бала болмайық, Қолды қысып, ойнайық.		
Таңертенгі жаттығу	«Тышқандар» Б.к. ішпен жатып, қолды алға тіреу; 1-4 қолды бүгіп жазу, басты оңға, солға бұру; 5-6 б.к. келу; Б.к. 1-3- арқаға аунау;Б.к. келу; Б.к. арқамен жату; 1-4 қол аяқты бірге қимылдату; 5-6 б.к. келу; Б.к. отырып, қолды бүгіп кеуде алдында ұстау; 1-2- оңға бұрылып, қолды артқа тіреу; 3-4-б.к. 5-6 –солға бұрылу; б.к. келу; Аяқтың ұшымен шашырап жүгіру;				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау. Жегеніміз нан болсын! Айтарымыз ән болсын! Тамақ берген апайға, Айтарымыз он	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу.	Жуынатын бөлмедегі тәртіп пен тазалық. Көркем сөз Қолымызды жуамыз, Асханаға барамыз Асханаға барған соң Тамақ ішіп аламыз.		

	болсын!				
	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелерге келісу және т.б. Құрастыру «Сикырлы қораптар» Максаты: Сикырлы қораптар туралы түсінік беру. Құрастыруға қалыптастыру. Қауіпсіздік шараларымен таныстыру.	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, Көркем әдебиет Мүсіндеу «Торғай жаттығуы» Торғай ағаш корғайды. Шыр-шыр еткен торғайды, Таспен атып торғайды, Қорғамасаң болмайды. Ұя бұзған оңбайды. Кіп-кішкене торғайлар, Құс өкпелеп кетеді. Ағаштарды корғайды. Бакшамызға конбайды. Торғайды мүсіндеу.	Дене шынықтыру «Бала, бала, балапан» Бала, бала, балапан Қане, қайсы, алақан. Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат. Бала, бала, балапан Қане, қайсы, алақан. Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат.		
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру №96 Таза ауала Білім саласы: Денсаулық Бөлімі:		Дене шынықтыру №97 Білім саласы: Денсаулық Бөлімі: Денешынықтыру Тақырыбы: Ойыншықтар Негізгі қимылдар: қойылған		

Денешынықтыру Тақырыбы: Әдемі жүріп үйренеміз Негізгі қимылдары: жерге-еденге төселген тактай үстімен жүру. Велосипед тебу. Максаты: жаттығуларды орындау барысында дене бітімін түзу ұстай білу және тепе-теңдікті сактай алу дағдыларын бекіту. Міндеттері: велосипед тебуді үйретуді жалғастыру. Бағытты өзгертіп жүгіре білу біліктерін бекіту. Шектеулі аанда, тактай үстімен тепе- теңдікті сактап жүруге жаттықтыру. Кеністікте бағдарлай алу және кол мен аяқты үйлесімді қозғай алу дағдыларын калыптастыру. Спорттық жаттығуларға деген қызығушылықтарын	заттардың арасымен еңбектеу. Допты 100 см қашықтықтан қакпа арқылы домалату (ені – 50 см) Максаты: кеңістікте бағдарлай алу және кол мен аяқты үйлесімді қозғай алу дағдыларын бекіту. Міндеттері: заттардың арасымен еңбектеуге, еңбектеген кезде заттарға тиіп кетпеуге үйрету, қимыл үйлесімділігін дамытуды жалғастыру, ептілікті дамыту. Доптарды 100 см қашықтықтан қакпа арқылы (ені – 50 см) домалатуға жаттықтыру, допты бір мезгілде екі колдың саусақтарының белсенді әрі екпінді қимылымен итеру білігін бекіту. Ептілікті, қимыл үйлесімділігін, дербестікті дамыту. Ойын: «Сабалақ ит» Максаты: қимылдарды мәтінге сәйкес орындау білігін дамыту, бұлтара жүгіруге жаттықтыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: доптармен ЖДЖ, доптарды қакпа арқылы (ені – 50 см) 100 см қашықтықтан		
---	--	--	--

	тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: Жасайды: тізбекте бір-бірден жүру, бағыты мен қарқындарын өзгертіп жүгіруді; Түсінеді: түлкінің сипаттық ерекшеліктерін, спорт алаңында жүрген, секірген және жүгірген кезде, ойын барысында педагогтің нұсқауларын орындауды; 169 Қолданады: тактаймен жүргенде тепе-теңдікті сақтау машықтарын; алаң кеңістігінде бағдарлана біледі. Құрал-жабдықтар: «Түлкі» ойыншығы, тактай – 3 дана, диаметрі 20 см доптар, велосипедтер.		домалатуды; Түсінеді: қимылды орындау ретін – допты домалату, допты қуып жету, еңбектеген кезде заттарды айналып өтуді; Қолданады: допты бір мезгілде екі қолының саусақтарының белсенді әрі екпінді қимылымен итеру білігін, тура бағытта жүруді, заттардың арасымен төрттағандап еңбектеу дағдыларын. Құрал-жабдықтар: балалардың санына қарай доптар, қақпалар ені 50 см – 3 дана, модульдер – 8 дана.		
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				

Серуен	Көркем сөз. Көгершін Көк көгершін, көгершін, Көгершін келер жем үшін. Балалар жем себелік, Жем жесін де семірсін.	Көркем сөз. Отырғыз ағаш көктемде, Жөн болмақ еңбек еткенін. Келмесе шамаң еккенге, Сындырма жұрттың еккенін.	Еңбек: Құстарға жем шашу. Көркем сөз. Жұмбақ. Балалармен достасып. Жазда бакты корғайды. Күзде кетер коштасып, Кім біледі... (торғайды).		
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен шешінуі. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Торғай мен мысық» Максаты: Балалардың қимыл – қозғалыстарын арттырып, ептілікке баулу.	Бір-біріне шешінуге көмектесу. Жапсыру «Қызғаншақ конжықтар» Максаты: Конжықтар туралы білімдерін одан әрі жетілдіру, конжықтардың бейнесін қағаз бетіне түсіре білуге үйрету.	Киімдерін жинау. Сөрелерін ретке келтіру.		
Түскі ас	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ас алдында айтылатын	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу.		

	тақпак: Ас дегенде отырып, Тәрбиешіні тыңдаймыз. Тамақ ішіп болған соң, Орнымызды жинаймыз.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үлкендерді сыйлау» Әңгіме	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Қуыр-қуыр-қуырмаш» Музыка		
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпак табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі).				
Бесін ас	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу (сөйлеуді дамыту).				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Қимылды ойын: «Ақ қоян» Максаты: балаларды ептілікке баулу. Қоянның суретін салу. Дене шынықтыру Сурет салу	Қоршаған ортамен таныстыру Қимылды ойын: «Қай қолымда көп» Максаты: аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау кабілеттерін дамыту.	Сенсорика «Вагондарға дөңгелек тандау» Максаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау кабілетін дамыту.		
Балалармен жеке жұмыс	«Секіреміз топ- топ» Секіреміз топ-топ, Шаналақтап көп- көп.	«Қандай пішін жетіспейді?» Максаты: Геометриялық	«Сикырлы қап» Максаты: Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, заттарды тануға баулу.		

	Иілеміз онға қарай бір,екі,үш. Иілеміз солға қарай бір,екі,үш. Абдурахман, Аңсар	пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. Алдияр, Төре	Нұрислам, Зере		
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу				
Серуен	Көркем сөз: Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап. Бөтегесі томпайып, Шиық-шиық десіп отырады.	Көркем сөз: Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сактау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ыргағынын мәнерлігін сезінуге үйрету.	Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Тығылыспақ. 2. Тартқышқа тартылу. 3.Допты қуалау. «Сақина» Мақсаты: алақан арасына сақинаны жасыру арқылы шыдамдылыққа үйрету, тапқырлыққа баулу		
Серуеннен оралу	Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті.				
Кешкі ас	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамактануға баулу (сөйлеуді дамыту).				
Балалардың дербес іс-әрекеті	«Қай жерде шырылдады?» Мақсаты: Дыбыстың қай жерден	«Сәйкес ұяшыққа орналастыр» дидактикалық ойын Мақсаты: ойлау	Сенсорика «Дәл осындай пішінді тап» Ойынның мақсаты:		

	шыққанын анықтау. Сөйлеуді дамыту	кабілетін арттыру.	геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.		
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

Тексерілді:

Бөбекжай директоры:

Г.С.Узакбаева

« _____ » _____ 2023. жыл